

АО «ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»

Инструкция № 5 (1) по заполнению
Национальной образовательной базы данных

Паспорт
Специальные организации образования
Вид - Специальный ясли сад,
специальный детский сад

Астана-2018



Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрлігі
«Ақпараттық талдау орталығы» АҚ

**Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы
нұсқаулық**

**Төлқұжат
Арнайы мектепке дейінгі ұйымдары
Түрі - арнайы бөбекжай, арнайы балабақша**

Астана, 2018

Мазмұны

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау.....	4
2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу.....	4
3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері».....	5
4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»	9
4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет».....	9
4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»	12
4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар»	12
4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»	13
4.5 Бөлімше «Асхана»	14
4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»	15
5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»	15
5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»	16
6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»	16
7. Бөлім «Жатақхана/Интернат»	17
8. Бөлім «Қосымша мәліметтер».....	17
8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»	17
8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»	18
8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер».....	19
8.4 Бөлімше «Қаржыландыру»	19
8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»	19
8.6 Бөлімше «Әлеуметтік серіктестік	19
9. Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»	19
10. Бөлім «Қызметкерлер».....	20
11. Бөлім «Контингент»	28
12. Формат-логикалық бақылау (ФЛБ).....	31
13. Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)	31
14. Нормативтік құжаттар.....	32

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау

ҚР БҒМ Бұйрығымен бекітілген, білім беру ұйымының Типтік ережелеріне сәйкес толтыру қажет

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар - типін таңдау қажет

БҰ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Білім беру ұйымның атауы	ГККП «Детский сад № 64 «Асыл бөбек» для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата»
Орыс тіліндегі толық атауы	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад № 64 «Асыл бөбек» для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата»
Қазақ тіліндегі толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің "№64 "Асыл бөбек" тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған балабақшасы" МКҚК
Орыс тіліндегі қысқа атауы	ГККП "Детский сад №64 "Асыл бөбек"
Қазақ тіліндегі қысқа атауы	"№64 "Асыл бөбек" балабақшасы" МКҚК
Білім беру ұйымның түрі (міндетті)	Арнайы білім беру ұйымдары

Сақтау

Түрі «Арнайы мектепке дейінгі ұйымдары»

Білім беру ұйымдарының түрлері *

- Арнайы білім беру ұйымдары
 - арнайы бөбекжай
 - арнайы балабақша
 - арнайы мектеп
 - арнайы мектеп-интернат
 - арнайы кешен "балабақша - мектеп – интернат"
 - арнайы кешен "мектеп - интернат - колледж"
 - психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес
 - оңалту орталығы
 - психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті

2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу

Заңды тіркеуден өткен білім беру ұйымының куәлігі (жарғысы) бойынша орыс және қазақ тілдерінде толық атауын толтыру қажет.

Білім беру ұйымының атауын өзгерткен / қайта құру/ жабу жағдайында ҰББДҚ өзгерістер енгізіп, бұйрық көшірмесін және қаулыны ББ, ҚББ, АББ/«АТО» АҚ электронды түрде беру қажет.

Мысалдар	
Білім беру ұйымының атауы	КГУ ясли- сад №23 "Алтын бесік"
Орыс тіліндегі толық атауы	Коммунальное государственное учреждение ясли- сад №23 "Алтын бесік" для детей с нарушениями зрения акимата города Астаны
Қазақ тіліндегі толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің көз көру қабілеті бұзылған балаларға арналған №23 "Алтын бесік" балабақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Орыс тіліндегі қысқа атауы	КГУ я/с №23 "Алтын бесік"
Қазақ тіліндегі қысқа атауы	КММ №23 "Алтын бесік" б/б

3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
1.	<i>Білім беру ұйымдарының түрлері</i>	Арнайы мектепке дейінгі ұйымдардың жарғысы және берілген лицензиясына сәйкес таңдау
2.	<i>Мектептің / мектепке дейінгі ұйымның арнайы тағайындалуы (Бағыт)</i>	Мектептің арнайы тағайындалуын (бағыт) таңдау (есту қабілеті бұзылған балаларға арналған (естімейтіндер), есту қабілеті бұзылған балаларға арналған (әлсіз еститіндер), көру қабілеті бұзылған балаларға арналған (көрмейтіндер), көру қабілеті бұзылған балаларға арналған (нашар көретіндер), жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған балаларға арналған, зерде бұзылыстары бар балаларға арналған (Жеңіл ақыл-ой кемістігімен), зерде бұзылыстары бар балаларға арналған (Орташа ақыл-ой кемістігімен), сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған, эмоциялық-еркі жағынан және мінез-құлқы бұзылған бұзылыстары бар балаларға арналған, күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған, басқа қабілеті бұзылған) Мектепте арнайы сыныптардың бірнеше түрлері болған жағдайда, мектептің бағытын, ең көп арнайы сынып бағытына қарай көрсету қажет.
3.	<i>Білім беру ұйымының БСН</i>	Бизнес-сәйкестендіру нөмірін (заңды тұлға (филиал және өкілдік) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметті іске асыратын жеке кәсіпкер үшін

		қалыптастырылатын бірегей нөмір) салық төлеушінің куәлігі бойынша толтыру қажет (12 сан)
4.	Болу уақыты	Мектепке дейінгі ұйымдар болу уақыты (толық күн болуымен, толық емес күн болуымен, тәулік бойы болуымен)
5.	Жұмыс тәртібі	Жұмыс тәртібін таңдау (алты күндік, бес күндік, үш күндік немесе басқа)
6.	Меншік түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау (ЖАО ведомствосындағы мемлекеттік ұйымдар – коммуналды , республикалық ұйымдар – республикалық , жеке меншік ұйымдар – азаматтардың меншігі)
7.	Ведомстволық тиістілік	Сәйкес ведомствоны таңдау: <ul style="list-style-type: none"> - Жергілікті атқарушы органдар (ББ, АББ, ҚББ қарасты ұйымдарына) - ҚР БҒМ (ҚР БҒМ республикалық ұйымдарына) - ҚР Денсаулық сақтау министрлігі (ҚР ДСМ) - ДББҰ «Назарбаев зияткерлік мектептері» - ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті - ҚР ІІМ - ҚР Қорғаныс Министрлігі - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ҚР ЕХӘҚМ) - Әділет Министрлігі - басқалар
8.	Ұйымның территориялық тиістілігі	Қалалық жер немесе ауылдық жер деп таңдау Егер білім беру мекемесі ауылдық жерде орналасса, бірақ қалалық территориялық округке тиесілі болса Тіркеу мәліметтерінде қалалық мекенді таңдау қажет.
9.	Ұйымдастыру-құқықтық түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау
10.	Пошта индексі	Пошта индексін толтыру (6 сан)
11.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің түрі	Лайықты елді мекеннің құрамдас бөлігін таңдау (көше, шағын аудан және т.б.)
12.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің	Көшенің/шағын ауданның толық атауын толтыру.

	атауы	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы жоқ болған жағдайда елді мекеннің атауы ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ , тек (-) символын көрсету қажет
13.	Үй №	Ғимарат нөмірін көрсету. Егер ғимараттың нөмері болмаса, (-) символын қою қажет
14.	Картадағы координат (енділік, ұзындық)	<p>Төлқұжатты ашқан кезде e.edu.kz ресурсы сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін деректерді сұрайды. Келісе отырып, автоматты түрде координаттарыңызды анықтауға рұқсат бересіз, осылайша координаттар анықталғаннан кейін карта орналасқан жеріңізге сәйкес ашылады.</p> <p>Сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін әртүрлі шолғыштардағы кіру туралы хабарламалар:</p> <p>Mozilla Firefox: «Сіз осы сайтқа өзіңіздің орналасқан жеріңізді хабарлағыңыз келе ме?» деп қалқыма хабарламада шығады. «Орналасқан жерді хабарлау» ашылған тізбеден «Орналасқан жерді үнемі хабарлау» тармағын тандай отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.</p> <p>Google Chrome: "https://e.edu.kz сіздің орналасқан жеріңіз туралы деректерге кіруге рұқсат сұрайды" қалқыма хабарлама шығады. «Рұқсат беру» батырмасын баса отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.</p> <p>Білім беру ұйымының координаттарын анықтау үшін енгізу өрісінде тышқанның сол жақ пернесін басу керек, карта ашылады. Картадан тышқанды қозғалта отырып, білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін табыңыз. Білім беру ұйымыңыз картадан шыққаннан кейін тышқанның сол жақ пернесін баса отырып жалаушаны қойыңыз. Білім беру</p>

		<p>ұйымыңыздың орналасқан жерін анықтағаннан кейін «Дайын» батырмасын басыңыз – координаттар көрсеткішті енгізу өрісінде автоматты түрде жазылады.</p> <p>Егер қор білім беру ұйымы орналаспаған елді мекенде толтырылса, онда сәйкесінше автоматты мекен-жай бұрыс шығады және координаттарды картадан қолмен табу керек болады.</p>
15.	Басшының аты-жөні	Толық толтыру қажет (<i>Беріков Берік Берікұлы</i>)
16.	Факс (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының телефон факс нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
17.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының телефон нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
18.	Ұялы телефон (нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының ұялы телефон нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
19.	Білім беру ұйымының E-mail	Ұйымның электронды мекен-жайын толтыру. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
20.	Білім беру ұйымының сайты	Сайттың толық мекен-жайын толтыру. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
21.	Негізгі құрылтайшылар	Білім беру ұйымының Жарғысы, лицензиясына қарап толтыру Мысалы: Астана қ. Әкімдігі
22.	Білім беру қызметін көрсету құқығына лицензия кіммен берілді	Лицензия бойынша толтыру Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
23.	Лицензия №	
24.	Лицензия берілген күні	
25.	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы мәліметтер	Берілген күні мен нөмірін толтыру (құжатқа сәйкес), заңды тұлғаларды тіркеу туралы мәліметтер болмаған жағдайда «жоқ» деп көрсетіңіз
26.	Білім беру ұйымының ашылу күні	Заңды тіркеу Куәлігіне сәйкес көрсету
27.	Аттестацияны	Аттестациядан өткен жағдайда

	өткендер	«иә», өтпеген жағдайда - «жоқ» таңдау
28.	Білім беру ұйымының жабылу күні	Жергілікті атқарушы органдардың шешіміне сәйкес толтыру (қаулы, бұйрық). Егер білім беру ұйымы жабылмаса, онда ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ!

4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»

4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
29.	Ғимараттар саны, бірлік	<p>Ұйымдағы барлық ғимараттар санын көрсету</p> <p>Шағын орталық мектеп немесе мектепке дейінгі ұйымның жанында болса, онда «0» қойылады және динамикалық кестеде «Ғимараттар туралы мәліметтер» тек қана «Ғимараттың жалпы алаңы (ш.м.)» ТОЛТЫРЫЛАДЫ!!!</p>
30.	Ғимараттар туралы мәліметтер	<p>Техникалық паспортқа сәйкес таңдау және көрсету:</p> <p>- Ғимарат (негізгі, (негізгі ғимаратты 1 рет қана таңдауға болады) басқа – қосымша ғимарат бар болған жағдайда таңдау),</p> <p>- Оқу мақсаттарында қолданылады (егер ғимаратта топтар, оқу бөлмелері, спорт залдар, бассейндер, залдар және т.б. орналасқан болса – «иә» деп көрсету; егер ғимарат оқу мақсатында қолданылмаса (қазандық, қойма, мұрағат және т.б.) - «жоқ» деп көрсету</p> <p>- Ғимараттың салынған жылы,</p> <p>- Ғимаратты пайдалануға берілген жылы,</p> <p>- Ғимараттың типі (типтік немесе бейімделген),</p> <p>- Жылыту түрі Бір түрін таңдау қажет: Жылыту жүйесі орталық немесе жеке (автономды) жылыту: - қатты отында - сұйық отында - газ отынында</p>

		<p>- электр қазан - басқа</p> <p>-Ғимараттың техникалық жағдайы: (жөндеу қажет емес, ағымдағы жөндеу өткізілді, ағымдағы жөндеуді талап етеді, апаттық – ғимараттың апатты жағдайда екендегі туралы мемлекеттік комиссияның шығарылған шешімі болған жағдайда белгіленеді, күрделі жөндеуді талап етеді, күрделі жөндеу өткізілді, күрделі жөндеуде),</p> <p>-Құрылыстың түрі - (саманнан, блоктан, ағаштан, кірпіш, каркас, монолит, басқа),</p> <p>-Жобалық қуаты, орын</p> <p>-Ыстық судың бар болуы – (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»),</p> <p>-Тасылатын су (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»),</p> <p>- Ауыз судың бар болуы (сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша белгіленген талаптарға сәйкес ауыз су, оның ішінде ыдыстарға (графиндерге, шәйнектерге, кішкентай бөшкелерге және басқалары) құйылған, шөлмектердегі ауыз су, қайнаған су, стационарлық су бұрқақтары),</p> <p>-Үй-жайды қолдану (өз меншігіндегі, жалданбалы, өз меншігіндегі және жалданбалы)</p> <p>- Ғимараттың жалпы алаңы (ш.м.) Ұйымның техникалық төлқұжатына сәйкес көрсету</p> <p>- Дәретханалардың бар болуы (тек қана жылы дәретханалардың, тек қана қора-қопсы дәретханалардың, жылы және қора-қопсы дәретханалардың)</p>
31.	Топтық бөлмелердің ауданы, ш.м	<p>Ұйымның техникалық төлқұжатына сәйкес көрсету.</p> <p>Топтық бөлмелердің ауданының қосындысы ғимараттың жалпы ауданынан аспауы керек. Егер топтық бөлмелердің ауданы жалпы ауданнан артық болса, онда аталған көрсеткіш сақталмайды.</p>
32.	Изолятордағы орындардың саны,	<p>Болған жағдайда көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын</p>

	бірлік (бар болған жағдайда), бірлік	толтыру
33.	Кедергісіз қол жеткізу	<p>Бар болған кедергісіз қол жеткізу элементерін белгілеу:</p> <p><u>Үй-жайға кіру:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - пандустардың бар болуы - екі жақты тұтқаның бар болуы (жарақаттамайтын, үстінен және астына көлденең аяқталған), т.б. <p><u>Үй-жайдағы қозғалыс белгілері:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - пандустардың бар болуы - айналу алаңдарының жабдықтары және т.б. <p>Санитарлы-тұрмыстық үй-жайлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - санитарлық тораптардың есіктерінің ұлғаюы - кабинаның қолжетімділік белгісі, т.б. <p><u>Телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - қажетті жазбалардың бар болуы - есіктің тұтқасы жағынан үй-жайды таңбалау, т.б. <p><i>Кедергісіз қол жеткізу элементтерінің бірнешеуі болса, барлығын белгілеу қажет, болмаған жағдайда «жоқ» көрсеткішін белгілеу</i></p>
34.	Бейне бақылаудың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
35.	Турникеттің болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда- «жоқ» таңдау (<i>турникет – ғимаратқа кірер алдында орнатылатын құрылғы</i>)
36.	Музыкалық сабақтарға арналған зал, оның болған жағдайында	<p>Бар болған жағдайда таңдау (<i>қосарлы немесе қосарлы емес</i>).</p> <p>Музыкалық сабақтарға арналған зал болмаған жағдайда «жоқ» таңдау</p>
37.	Жатын бөлмелердің бар болуы	<p>Бар болған жағдайда таңдау (<i>қосарлы немесе қосарлы емес</i>).</p> <p>Жатын бөлмелер болмаған жағдайда «жоқ» таңдау</p>
38.	Спортзалдың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
39.	Бассейннің бар болуы (жабық)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
40.	Шалпылдатқыштың бар болуы (ашық)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
41.	Ойын алаңдарының бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
42.	Канализацияның бар	Болған жағдайда «иә», болмаған

	болуы	жағдайда «жоқ» көрсету
43.	Жылу есептегіш жүйесі орнатылған	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
44.	Су өлшегіш құралдың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету

4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
45.	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің саны (ОӘӘ), арнайы әдебиеттер бар болған жағдайда	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің санын, сондай-ақ бар болған жағдайда арнайы әдебиеттерді көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
46.	Қазақ тіліндегі кітаптардың саны, дана	Қазақ тіліндегі кітаптар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
47.	Орыс тіліндегі кітаптардың саны, дана	Орыс тіліндегі кітаптар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
48.	Басқа тілдегі кітаптардың саны, дана	Басқа тілдегі кітаптар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

«Кітапхана/Оқулықтар» бөлімшесіндегі мәліметтерге кітапханашы немесе ұйымның әдіскері жауапты

4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
49.	Кабинеттердің бар болуы	Бар болған кабинеттерді белгілеу (психологтың кабинеті, стоматологиялық кабинет, медициналық кабинет (пункт), полиция учаскелік инспекторы, сурдологтың кабинеті, офтальмологтың кабинеті, психиатрдың кабинеті, педагог-психологтың кабинеті, диагностика кабинеті, жүйке ауруы дәрігерінің кабинеті, емдеу-дене шынықтыру кабинеті, логопед кабинеті). Болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
50.	Түзету жұмыс кабинетінің бар болуы	Бар кабинеттерді белгілеу (түзету кабинеттері, есту жұмыстары, сурдопедагог,

	логопед, тифлопедагог, олигофренопедагог, элеуметтік педагог, басқалар). Болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
--	--

4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
51.	Компьютерлердің бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
52.	Компьютерлердің саны	<p>Компьютерлердің санын көрсету: Барлығы - білім беру ұйымындағы барлық компьютерлер (егер «компьютерлердің бар болуы» көрсеткішінде «иә» таңдалса «барлығы» көрсеткіші 0 бола алмайды) - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар барлық компьютерлер («оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар», «Оқу/тәрбиелік үдерісінде қолданады», «Оқытушыларға/тәрбиешілерге арналған» көрсеткіштері «Барлығынан» көп болу керек) Оқу/тәрбиелік үдерісінде қолданады – мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету Оқытушыларға/тәрбиешілерге арналған – тек қана оқытушылар/мұғалімдермен қолданатын компьютерлердің санын көрсету - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар тек қана оқытушылар/мұғалімдермен қолданатын компьютерлердің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру</p>
53.	Соңғы 5 жылда сатып алынған компьютерлер саны, бірлік	<p>Жылдар бөлінісінде компьютерлердің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру</p>
54.	Есепті жылда түсу көздері бойынша компьютерлердің саны, бірлік	<p>Түскен немесе бөлінген лайықты түрді таңдау және белгілеу (Республикалық бюджет, Жергілікті бюджет, заңды тұлғалардың ерікті жарналары, жеке тұлғалардың ерікті жарналары, басқалар). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру</p>

55.	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің саны, бірлік	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің санын көрсету (<i>бұзылған, пайдалану мерзімі өтіп кеткен</i>). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
56.	Ғаламтордың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
57.	Келісім шарт бойынша интернеттің жылдамдығы	Қызметті ұсынушымен жасасқан келісімшартқа сәйкес <512 кбит/с ден >10 Мбит/с дейін жылдамдықты таңдау
58.	Факт бойынша интернеттің жылдамдығы	«Ғаламтордың бар болуы» «Ия» деп таңдалса «Факт бойынша интернеттің жылдамдығы» толтыруға міндетті <512 кбит/с ден >10 Мбит/с дейін тиесілі жылдамдықты таңдау
59.	Интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы, бірлік	Интернет желісіне қосылған нүкте санын көрсету (1 модем = 1 қолжетімділік нүктесі). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
60.	Интерактивтік жабдықтың бар болуы (тақталар, проекторлар, панельдер)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау Интерактивтік құралдар (<i>интерактивті тақталар, проекторлар, панельдер</i>) - инновациялық құрал, жазу, ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді)
61.	Интерактивтік тақталардың саны, бірлік	Интерактивтік тақталардың санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

4.5 Бөлімше «Асхана»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
62.	Ас әзірлейтін бөліктің бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
63.	Жабдықтардың, жиһаздың саны, бірлік	Жабдықтардың, жиһаздың санын көрсету (<i>тоңазытқыштар, электр плита, көкөніс кескіш, картоп тазалағыш, ет тартқыш, пісіру шкафы, электр қазан, электр таба, үстелдер, орындықтар, нан кескіш, ыдыс-аяқ жуатын машина</i>) Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар аталған бөлімшені толтырмайды

5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»

	Показатель	Пояснения
64.	Оқыту тілі	Оқыту тілін белгілеу
65.	Контингенттің есептік мәліметтері	Аталған көрсеткіш автоматты түрде саналады. «Контингент» бөлімін толтырған кезде «Топтың атауы» көрсеткішін толтыру барысында топ атауының жазылуын есепке алу қажет
66.	Топтар	Динамикалық кестеден таңдау және толтыру: - Топтың атауы – толықтай жазылады, - Ана тілі ретінде – оқыту жүргізілетін, оқыту және тәрбиелеудің негізгі тілі, - Шетел тілі ретінде - балалар қосымша оқитын шет тілін; егер олар бірнеше болса келесі ұяшыұтар толытырылады (қазақ және орыс тілдері саналмайды), - Орындар саны – топтағы орындар саны толтырылады, - Балалардың саны – топта факт бойынша тәрбиеленетін және оқитын балалардың саны, - Мектеп алды тобы - «Білім беру» Заңына сәйкес 2 тарау 30-бап мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады, - Санаторлық топ – егер мектепке дейінгі ұйымдарда санатаорлық топтар болған жағдайда белгіленеді және ол топтар мектепке дейінгі ұйымдардың топтарының жалпы санына енеді, - Арнайы топ – инклюзивті білім беру және мүмкіндігі шектеулі балаларды қамту мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында топтар бар болған жағдайда

		<p>толтырылады, Арнайы топтарға арналған мәнді анықтамадан таңдау қажет (сөйлеуде мүкістігі бар, естуде мүкістігі барлар және т.б.), -Болу уақыты - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының құрылтайшы құжаттарына сәйкес толтырылады</p>
67.	Меншік түріне қарай барлық топтар туралы мәліметтер	<p>Динамикалық кестеден таңдау және толтыру (<i>топтың атауы, тәрбиелеу және білім беру жылы – түсу жасы, оқу жылындағы апта саны, оқу аптасындағы күндер саны, аптасына сабақ оқу саны, сабақ оқу ұзақтығы, минут, жылына мөлшерленген оқу уақыты (жылына сағат)</i>) <i>«Топтың атауы» көрсеткішінде анықтамадан «Топтар» динамикалық кестесінен топ атауын таңдау.</i> Есептік мағынаны көрсету (формула төменде).</p>

$$\text{Мөлшерленген уақыт} = \text{аптасына сабақ оқу саны} \times \frac{\text{сабақ оқу ұзақтығы, мин}}{60} \times \frac{\text{оқу жылында күндер саны}}{\text{оқу аптасындағы күндер саны}}$$

5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар аталған бөлімшені толтырмайды

6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
68.	Электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетеді	<p>«Иә» немесе «жоқ» таңдау (Электрондық үкімет порталы eGov)</p>
69.	Білім беру процесінде электронды білім беру ресурстары қолданылады (сандық білім беру	<p>Егер мұғалім білім беру процесінде/сабаққа дайындалу барысында сандық білім беру ресурстарын (суреттер, видеожазбалар, аудиожазбалар, электрондық</p>

	ресурстары, электрондық сабақтар және т.б.)	кітаптар/журналдар, электрондық тесттер және т.б.) интерактивті нұсқада қолданса "иә" таңдау керек. Қолданбаса "жоқ" белгілеу.
70.	Арнайы сыныптар/топтар саны	Арнайы сыныптар/топтар санын көрсету (ПДТ, ПДК, сөйлеуде мүкiстiгi бар, соқыр, естiмейтiн, естуде мүкiстiгi барлар, кохлеарлық имплантардың иелерi, жеңiл және желқабаз ақыл-ой кемтарлығымен, көкжетел ауруының белгiсi бар және басылған формасымен ауыратын, сколиозбен, нашақорлық және уытқұмарлықпен, тiрек-қимыл аппаратының мүкiстiгiмен, невротикалық жағдайларымен, жеке бастың патосипаттамалық дамуымен, жүрiс-тұрыс бұзылулармен, есалаңдықпен, ерте маскүнемдiкпен, ерте бала аутизмен, ауыр және терең ақыл-ой кемтарлығымен). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
71.	Логопунктың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
72.	Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердiң бар болуы	Консультациялық пункттер болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
73.	Ата-аналарға арналған консультациялық пункттерге жүгiнген ата-аналардың балалары	Аталмыш көрсеткiш «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердiң бар болуы» бөлiмiнде «Иә» таңдалса шығады және толтыруға мiндеттi

7. Бөлiм «Жатақхана/Интернат»

Арнайы мектепке дейiнгi ұйымдар аталған бөлiмшенi толтырмайды

8. Бөлiм «Қосымша мәлiметтер»

8.1 Бөлiмше «Кадрлар туралы қосымша мәлiметтер»

	Показатель	Пояснения
74.	Педагог қызметкерлердiң	Есептiк мәндi көрсету: <i>Формула: барлық педагог қызметкерлердiң жалақысы бөлу</i>

	орташа айлық жалақысы, мың тг.	педагог қызметкерлердің жалпы саны. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
75.	Медициналық кадрлар (штат бойынша), адам	Штат бойынша медициналық кадрлар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
76.	Медициналық кадрлар саны (факт бойынша) адам	Факт бойынша медициналық кадрлар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
77.	Педагогикалық кадрлардың аттестациядан өту туралы мәліметтері	Педагогтардың аттестациядан өту туралы мәліметтерді таңдау және толтыру (оқу жылы, санат, мәртебе, оқушылар саны)
78.	Педагогикалық кадрлардың қажеттілігі, адам	Ағымдағы оқу жылының басына педагогикалық кадрлардың жалпы санын, оның ішінде әйелдерді толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
79.	Педагогикалық кадрлардың қажеттілігі (вакансия)	Ағымдағы оқу жылының басына қажетті педагогтардың санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
80.	Балалардың жалпы саны	Есепті оқу жылы мәліметтері бойынша динамикалық кестені толтыру (балалардың жалпы саны, анықталғанның саны, кешенді көмегімен қамтылғандардың саны, қатынасулардың саны, арнайы сыныптардағы барлығы, олардың ішінен ПДК, олардың ішінен жеңіл және желқабаз ақыл-ой кемтарлығымен, олардың ішінен ауыр және жеңіл ақыл-ой кемтарлығымен, олардың ішінен соқырлар, олардың ішінен нашар еститіндер, олардың ішінен естимейтіндер, олардың ішінен нашар еститіндер, олардың ішінен кеш керең болып қалғандар, олардың ішінен БЦП, олардың ішінен сөйлеуге мүкестігі барлар, олардың ішінен сколиозбен ауратындар, көкжетел ауруының белгісі бар және басылған формасымен ауыратын, тірек-қимыл аппаратының мүкестігімен, олардың бала аутизммен, олардың ішінен есалаң аурумен, олардың ішінен психопатиямен, олардың ішінен жеке бастың патосипаттамалық дамуымен, олардың ішінен невротикалық жағдайларымен, олардың ішінен

	<p>жүріс-тұрыс бұзылулармен, олардың ішінен ауыр және терең ақыл-ой кемтарлығымен, олардың ішінен нашақорлық және уытқұмарлықпен, олардың ішінен мүгедектер, басқалар.</p> <p>- Ондағы жасы бойынша (0 ден 18 жасқа дейін)</p> <p>- Оның ішінде оқымайтындар.</p> <p>Сондай-ақ мәліметтер «Жалпы саны», «оның ішінде қыздар», «оның ішінде ұлдар» болып бөлінеді).</p> <p>Болмаған жағдайда 0 санын толтыру</p>
--	---

8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер»

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар аталған бөлімшені толтырмайды

8.4 Бөлімше «Қаржыландыру»

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар аталған бөлімшені толтырмайды

8.6 Бөлімше «Әлеуметтік серіктестік

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар аталған бөлімшені толтырмайды

9. Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
81.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
82.	Аты	
83.	Әкесінің аты	
84.	Лауазым	<p>ҰББДҚ толтыратын жауапты тұлғаны – білім беру ұйымының ішкі бұйрығымен директор немесе оқу-ісі бойынша директордың орынбасары бекітіледі.</p> <p>Жауапты тұлға құзыретті мамандарды қадағалап, ҰББДҚ толтырады.</p> <p>Толық және уақытылы толтырылмаған мәліметтер үшін әкімшілік жауапкершілік мектеп директорына</p>

		жүктеледі.
85.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Жауапты тұлғаның телефон нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
86.	Ұялы телефон (нөмірі)	Жауапты тұлғаның ұялы телефон нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
87.	E-mail	Жауапты тұлғаның электронды мекен-жайын толтыру. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру

10. Бөлім «Қызметкерлер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
88.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
89.	ЖСН	Жеке куәлік бойынша жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
90.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
91.	Аты	
92.	Әкесінің аты	
93.	Туған күні	Жеке куәлік бойынша толтыру
94.	Жынысы	Жеке куәлік бойынша таңдау
95.	Азаматтығы	Жеке куәлік бойынша анықтамадан елді таңдау
96.	Ұлты	Жеке куәлік бойынша таңдау
97.	Әскери шен	Лайықтыны мағынаны таңдау (офицер, прапорщик, сержант, қатардағы жауынгер, ҚК қызмет етпеген, әскери міндетсіз)
98.	Жұмысқа қабылдау күні	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа еңбек кітапшасындағы жазуына, сәйкес толтыру
99.	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық номері	Бұйрық номерін көрсету
100.	Еңбек шартының мерзімі	ҚР Еңбек кодексі, 30 б. бойынша белгілі/ белгісіз мерзімін таңдау
101.	Декреттік демалыста	«Иә» немесе «Жоқ» таңдау
102.	Лауазым	Лайықты негізгі лауазымды, мөлшерлемені таңдау. Қайталанбау үшін бір ғана

		лауазымды көрсету.
103.	Негізгі лауазымның жүктемесі	Негізгі лауазымның жүктемесі таңдау
104.	Қызметкер	<p>Лайықты мағынаны таңдау (<i>штаттық, қосымша істеуші</i>).</p> <p><i>Штаттық – білім беру ұйымдарының тиісті лауазымы бойынша штаттық кестедегі қызметкерлер (маусымдық қызметкерлерді есепке алмағанда)</i></p> <p><i>Сыртқы қоса атқарушы - қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында басқа білім беру ұйымдарында тұрақты ақы төленетін еңбек келісім-шартымен жұмыс атқару.</i></p> <p><i>Ішкі қоса атқарушы – аталған білім беру ұйымында қосымша жұмыс атқару. Егер негізгі және қосымша уақытында жұмысты атқару бұйрығы (келісім-шарт) бар болса, онда мұндай қызмет түрі - ішкі қоса атқару болып есептеледі.</i></p>
105.	Академиялық, ғылыми дәреже	<p>Педагогтардың жоғары білімі және жоғары білімнен кейінгі құжаттарына сәйкес дәрежесін белгілеу (<i>дәрежесі жоқ, магистр, ғылым кандидаты, ғылымдар докторы, PhD докторы, бағдар бойынша доктор</i>).</p> <p><i>Педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлерде «дәрежесі жоқ» көрсеткішін белгілеу қажет.</i></p>
106.	Білімі	<p>Білім туралы құжатқа сәйкес тандау.</p> <p>Жұмыстың негізгі штаттық жүктемелілігіне сәйкес тиісті білімді тандау.</p> <p>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистр, PhD докторы) – жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары кәсіптік – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары педагогикалық – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары мектепке дейінгі – жоғары білім туралы дипломға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы</p>

	<p>бойынша білімі бар болғанда тандау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік - техникалық және кәсіптік білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін тандау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік педагогикалық – дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін тандау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік мектепке дейінгі – техникалық және кәсіптік білім туралы дипломға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша білім бар болғанда тандау.</p> <p>Жалпы орта білім –жалпы орта білімді аяқтағаны туралы аттестаты бар болғанда тандау.</p> <p>Ескерту: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің педагогикалық мамандықтарына Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішінің сәйкес кестесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығына сәйкес 23 мамандық («Білім беру» саласы) жатады.</p> <p>Техникалық және кәсіптік педагогикалық, орта білімнен кейінгі білімнің педагогикалық мамандықтарына ҚР техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтар жіктеуішіне Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығына сәйкес 11 мамандық («Білім беру» саласы) жатады.</p> <p>Ескерту: Білім туралы екі дипломы бар болғанда.</p> <p>Мысал: Бірінші білімі – бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (техникалық және кәсіптік педагогикалық), негізгі штаттық жүктемелілігі – 1, екінші – қазақ тілі және әдебиеті (жоғары педагогикалық), қосымша жүктемелілігінің ставкасы - 0,25. Жұмыстың неғұрлым</p>
--	--

		штаттық жүктемелілігі бойынша (әртүрлі пәндер бойынша қоса атқарушы да болуы мүмкін), яғни техникалық және кәсіптік педагогикалық білімді таңдау.
107.	Мектепке дейінгі білім беру білімінің бар болуы (қосымша)	Білім туралы құжатқа сәйкес таңдау. Егер «Білім» көрсеткішінде «Жоғары (кәсіби)», «Жоғары (педагогикалық)», «Техникалық және кәсіби», «Техникалық және кәсіби (педагогикалық)» таңдалса ғана аталмыш көрсеткіш келесі лауазымдарда шығады: 1. Меңгеруші 2. Оқытушы/мұғалім 3. Тәрбиеші (аға тәрбиеші) 4. Әдіскер 5. Мектепке дейінгі сыныптар тәрбиешісі 6. Әлеуметтік педагог 7. Қосымша білім беру педагогы 8. Жүзу жөніндегі нұсқаушы 9. Ән-күй жетекшісі 10. Педагог-психолог 11. Логопед-мұғалім 12. Мұғалім-дефектолог 13. Тифлопедагог 14. Сурдопедагог 15. Дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы 16. Олигофренопедагог 17. Басқа педагогикалық қызметкерлер 18. Директор
108.	Арнайы дефектологиялық білімі бар	«Дефектология» мамандығы бойынша диплом немесе дефектология тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен сертификаты болған жағдайда «иә» таңдау. Болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
109.	Жалпы жұмыс өтілі	Еңбек өтілін растайтын құжатқа сәйкес (еңбек кітапшасы) таңдау Жұмыс өтілі болмаса «0» таңдау
110.	Педагогикалық жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы). Педагогикалық жұмыс өтілі болмаған жағдайда анықтамалықтан «0» толтыру Педагогикалық емес персоналға «жоқ» таңдау
111.	Осы ұйымдағы жалпы жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы)
112.	Электронды адрес (E-mail)	Қызметкердің жеке меншік электрондық поштасы бар болған жағдайда, көрсету. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
113.	Ұялы телефон	Қызметкердің жеке меншік ұялы

	(нөмірі)	телефонның нөмерін көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
114.	Санаты	Растайтын құжаттарға сәйкес, анықтамадан біліктілік санатын таңдау. Педогогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлер «санатсыз» деп толтырылады
115.	Санаттың расталған немесе тағайындалған жылы	Санаттың расталған немесе тағайындалған мәртебесі бойынша аттестациядан өткен жылын таңдау (2013 - 2018 жылдар аралығы) 2013 жылы расталған 2014 жылы расталған 2015 жылы расталған 2016 жылы расталған 2017 жылы расталған 2018 жылы расталған 2013 жылы тағайындалған 2014 жылы тағайындалған 2015 жылы тағайындалған 2016 жылы тағайындалған 2017 жылы тағайындалған 2018 жылы тағайындалған
116.	Оқыту тілі	Лайықты оқыту және тәрбиелеу тілін таңдау. Аталмыш көрсеткіш «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімімен байланысты, «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімінде көрсетілген тілдер ғана шығады
117.	Пәнді жүргізу (негізгі жүктеме)	Анықтамадан оқытатын негізгі пәнді таңдау. Егер педагогикалық қызметкер сабақ жүргізбесе, «жоқ» көрсеткішін таңдау
118.	Негізгі пәні бойынша сәйкестік	Қосымша оқытатын пәнді таңдау (бар болса) «Мұғалім-оқытушы» лауазымына ғана толтырылады. Мысалы: Дипломына сәйкес таңдау: - ЖОО алған мамандығы бойынша - ТЖКББ ұйымынан алған мамандығы бойынша Мамандығы бойынша емес: - жоғары білімі бар, орыс мектептеріне арналған қазақ тілі мұғалімі

		<p>- орыс тілі және әдебиеті білімі бар мамандар</p> <p>- басқалар.</p> <p>Қосымша жүктеме болмаса «жоқ» таңдау</p>
119.	Негізгі пәннің жүктемесі	Негізгі пәннің ғана жүктемесін таңдау «Мұғалім-оқытушы» лауазымына ғана толтырылады
120.	Қосымша лауазым	<p>Лайықты қосымша лауазымды, мөлшерлемені таңдау.</p> <p>Мысалы: лауазымы – тәрбиеші, мөлшерлемесі -0,75, қосымша лауазым – әдіскер, мөлшермесі – 0,5.</p> <p>Қосымша лауазым болмаған жағдайда анықтамадан «жоқ» деп таңдау</p>
121.	Пәнді жүргізу (қосымша жүктеме) пән/жүктеме	Оқытатын қосымша пәнді таңдау (бар болған жағдайда)
122.	Біліктілігін көтеру курсынан өтті	<p>Соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру курсынан өткен пәннің атауын және жылын таңдау.</p> <p>Болмаған жағдайда «Өткен орны», «Мамандық», «Оқыту тілі» және «Жыл» көрсеткіштерін «жоқ» таңдау.</p>
123.	Менеджмент саласында біліктілігін көтеру мен қайта даярлаудан өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
124.	АКТ оқытуда қолдану бойынша, біліктілікті көтеруден өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
125.	Инклюзивті білім бойынша біліктілікті көтеру курсынан өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
126.	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	<p>IELTS немесе TOEFL сертификатымен ағылшын тілін білудің сәйкес деңгейін атап өткен жөн (сертификат 2 жылға ғана жарамды). Тілді білмеген жағдайда, «ағылшын тілін білмейді» белгілеу керек.</p> <p>IELTS немесе TOEFL сертификаты болмаған жағдайда тілді білу деңгейін</p>

болжап белгілеу керек:

Beginner – өзі туралы жай сөз тіркестерді және сөйлемдерді құрай алу, санай білу, адамдармен таныса алу, жай ақпаратпен алмаса алу.

Elementary – түсіну және күнделікті сөз тіркестері мен сөйлемдерді таныс жағдаяттарда пайдалана алу – өзі, үйі, таныстары және қызығушылықтары туралы айта алу. Баяу сөйлейтін әңгімелесушімен тілдесудің мүмкіндігі. Ашық хатты жаза алу, сауалнаманы толтыра алу, шағын әңгімені құрай алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 600 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Pre-Intermediate – сөйлеуде қызығушылықтар, жұмыс, саяхат сияқты таныс жағдаяттарда жиі қолданылатын сөз тіркестерді (сөйлемдерді) пайдалана алу. Әлеуметтік жағдаяттарда қысқаша әңгімені үзбей сөйлесе алу. Шағын хабарламаларды және қысқаша хаттарды жаза алу, сонымен қатар оқыту фильмдерін көре алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 1400 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Intermediate - жұмыста, оқуда немесе бос уақытында жиі істес болатын салаларда қолданылатын ағылшын тілін жазбаша және ауызша қабылдай алу. Сөйлеу мәнері баяу және нақты болғанда радио немесе телевизиялық бағдарламаларды түсіне алу. Ағылшын тілді елге саяхат кезінде стандартты жағдаяттардан шыға алу, әйгілі тақырыптарға дайындықсыз сөйлесе алу, өткен оқиғаларды, жоспарларды сипаттай алу, өз пікірін білдіре алу. Фильм немесе кітаптың мазмұнын, өз тәжірибесін және алған әсерін сипаттай алу. Бейімделген

әдебиетті оқу үшін шамамен 1800 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Upper-Intermediate - азды-көпті таныс тақырыптарда ұзақ сөйлеуді жақсы түсіну. Стандартты диалектті телевизиялық жаңалықтар және публицистикалық бағдарламаларды және фильмдердің басым бөлігін түсіну. Ағылшын тілінде сөйлейтін адаммен әр түрлі тақырыптарда жеткілікті дәрежеде ерікті әрі кенеттен сөйлесе алу, талқылауға қатыса алу. Әр түрлі оқиғаларды байланыстыра, сауатты және егжей-тегжейлі сипаттай алу, эссе немесе есеп жаза алу. Бейімделмеген және бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 2300 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Advanced - ұзақ сөйлеуді немесе лекцияны, телевизиялық бағдарламаларды және фильмдерді аса қиындықсыз түсіне алу. Әр түрлі стильдегі күрделі академиялық, техникалық және көркем мәтіндерді оқып, тобықтай түйінін айқындай алу. Тілді әлеуметтік, академиялық және кәсіптік мақсаттарда сенімді араласуда және байланыстыра, сауатты және тиімді пайдалана алу. Оқырманның сәйкес стилінде сипаты әр түрлі көлемді мәтіндерді жазу дағдысының болуы. Көркем әдебиеттің түпнұсқасын оқи алу.

Proficiency – ағылшын тілін кез-келген нысанда оңай қабылдау. Емін-еркін араласа алу және мағынасының нәзік реңкімен өз пікірін кез-келген жағдайда дәлелдей алу. Мақалалар, есептер, эссе, сәйкес стильдегі хаттарды жазу дағдыларының болуы. Көркем әдебиеттің түпнұсқасын оқи алу.

127.	Жұмыстан босатылу күні	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа, еңбек кітапшасындағы жазуына сәйкес толтыру
128.	Жұмыстан шығару туралы бұйрық номері	Бұйрық номерін көрсету
129.	Босатылу себебі	Еңбек келісім шартының бұзылу себебінің біреуін таңдау (басқа білім беру ұйымына жұмысқа өтті, Республика шегінен тыс, Республика облысы маңынан шықты, оқу жүктемесінің жоқ болу себебі, тұрғын - үй алаңы болмағандықтан, басқа (мұғалімдік емес) жұмысқа ауысты, мүгедектік бойынша, зейнеткерлік жасқа жеткен оқуға, басқа себептер)

Қызметкер бойынша жалпы есепті Excel форматына көшіруге болады. Мектеп қызметкерлерінің жұмыс өтілін «Қимыл» атқарылымы негізінде автоматты түрде санау үшін **ҰББДҚ сайтында <https://e.edu.kz/73>** пайдаланушы нұсқаулығы және оқыту-техникалық құжаттарын қарау қажет.

11. Бөлім «Контингент»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
130.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
131.	ЖСН	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
132.	Тегі	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
133.	Аты	
134.	Әкесінің аты	
135.	Туған күні	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
136.	Жынысы	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
137.	Азаматтығы	Туу туралы куәлік бойынша анықтамадан елді таңдау
138.	Ұлты	<i>Білімі бойынша құжатқа сәйкес таңдау</i> <i>Лайқты білімін анықтамадан тандау</i> <i>Арнайы орта білімді Техникалық және</i>

		кәсіптік, Техникалық және кәсіптік (педагогикалық), Техникалық және кәсіптік (мектепке дейінгі) біліме ауыстыру
139.	Босқын	<p>Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау.</p> <p><i>Босқын - нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам</i></p>
140.	Оралман	<p>Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау</p> <p><i>Оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары</i></p>
141.	Келген күні	<p>Ағымдағы оқу жылында келген оқушылардың келген күнін таңдау (20 қыркүйекке дейін)</p>
142.	Топтың атауы	<p>Топтың атауын толтыру (Топтың атауын бірдей қылдырып, әр баланың сауалнамасында толтыру қажет. <i>Қор автоматты түрде топтар және ондағы балалар санын санап, «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімшесінде Контингенттен алынған есеп мәліметтерінде көрсетіледі)</i></p>
143.	Топ	<p>Тиесілі жас тобын таңдау (туғаннан 1 жасқа дейін, 1-ден 2 жасқа дейін, 2-ден 3 жасқа дейін, 3-тен 4 жасқа дейін, 4-тен 5 жасқа дейін, 5-тен 6 жасқа дейін, 3-тен 4 жасқа дейін (мектепалды дайындық, әр жастағы топтар)</p> <p>«Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімінің «Топтар»</p>

		динамикалық кестесінде толтырған жас тобын таңдау.
144.	Оқыту тілі	<p>Көрсеткішке ФЛБ (форматты-логикалық бақылау) орнатылды. Анықтамада «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөліміндегі «Оқыту тілі» көрсеткішінде белгіленген тілдер ғана көрсетіледі.</p> <p>Мысалы: егер «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімінде «қазақ» тілін белгілесеніз, онда барлық контингентте автоматты түрде қазақ тілі таңдалады, ал «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімінде «қазақ», «орыс» тілдерін белгілесеніз, онда барлық контингентте екі тіл көрсетіледі</p>
145.	Оқылатын шетел тілдер	Оқылатын шетел тілдерді белгілеу (ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі, араб тілі, поляк тілі, түрік тілі, латын тілі, парсы тілі, қытай тілі, корей тілі, жапон тілі, басқалар)
146.	Жетім бала	«иә» немесе «жоқ» таңдау
147.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала	«иә» немесе «жоқ» таңдау
148.	Мүгедек	«иә» немесе «жоқ» таңдау
149.	Балалардың сырқат түрлері	<p>Бар болған жағдайда балалардың сырқат түрлерін белгілеу (ПДТ, кохлеарлық имплантардың иелері, көкжөтел ауруының белгісі бар және басылған формасымен ауыратын, сколиозбен, нашақорлық және уытқұмарлықпен, невротикалық жағдайларымен, жеке бастың патосипаттамалық дамуымен, мінез-құлық бойынша ақаулығы бар, есалаңдықпен, ерте маскүнемдікпен, ерте бала аутизммен, шизофрения, шигеллез (бактериалық дизентериясы), вирусты гепатит, белгіленген, белгіленбеген және анық емес белгіленген қоздырушылармен тудырылған энтериттер, колиттер мен гастроэнтериттер, скарлатина, эпидемический паротит (мысқыл), шешек, асқынған тонзиллит (баспа), грипп және жоғары дем алатын жолдардың асқынған жұқпалары, пневмония, жарақаттар, уландырулар мен сыртқы себептердің</p>

		әсерлерінің кейбіреу басқа салдары, басқа аурулар). Егер аталған сырқаттар жоқ болса, онда «жоқ» белгілеу
150.	Балалардың бұзылыс түрлері	Бар болған жағдайда балалардың бұзылыс түрлерін белгілеу (сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары, есту қабілеті бұзылған (естімейтіндер), есту қабілеті бұзылған (әлсіз еститіндер), көру қабілеті бұзылған (көрмейтіндер), көру қабілеті бұзылған (нашар көретіндер), тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған (ТҚАФБ), ақыл-ойының дамуы кенжелеп қалған, психикалық дамуы тежелген, эмоциялық-еркі жағынан жэмоциялық-еркі және мінез-құлқы бұзылған балаларға арналғанәне мінез-құлқы бұзылған бұзылыстары бар, күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған). Егер аталған бұзылыстар жоқ болса, онда «жоқ» белгілеу
151.	Баланың медициналық есепте тұруы	«Иә» немесе «жоқ» таңдау
152.	Логопедтік пунктке баратын	«Иә» немесе «жоқ» таңдау
153.	Кету күні	Бұйрыққа сәйкес күнді таңдау

Аталған бөлімшенің толық және дұрыс толтырылғанын тексеру.

Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшіру үшін «Қимыл» атқарылымы негізінде автоматты түрде санау үшін ҰББДҚ сайтында <https://e.edu.kz/73>. пайдаланушы нұсқаулығы және оқыту-техникалық құжаттарын қарау қажет.

12. Формат-логикалық бақылау (ФЛБ)

ФЛБ – қордың толық және дұрыс толтыруын қадағалайды. ҰББДҚ міндетті түрде толтыратын көрсеткіштер бар, оларды толтырмаған жағдайда ФЛБ шығады. ФЛБ нұсқаулығымен қатаң түрде толтыру қажет. ФЛБ қателіктерін дұрыстамаған жағдайда электронды- қолтаңба қойылмайды.

13. Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)

ЭЦҚ заңды тұлғаретінде мектеп директорының атында болуы қажет. ЭЦҚ қою ағымды әкімшілік есеп беру тапсырған болып табылады. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарының статистикалық мәліметтерді тиісті органға тапсырғандығын көрсетеді. <https://e.edu.kz/73>. сайтында ҰББДҚ оқыту-техникалық құжаттары және пайдаланушы нұсқаулығын қолдану.

14. Нормативтік құжаттар

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 - III «Бәләм туралы» Заңы (11.07.2017 ж. өзгерістер мен толықтырылар енгізілген).
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы № 1 Жарлығымен бекітілген.
- «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 223 Қазақстан Республикасының Заңы (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
- Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 258 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасының Заңы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы заңы» 11 шілде 2002 ж №343.
- Қазақстан Республикасының арнаулы түзету білім ұйымдарының қызметін ұйымдастыру туралы 10.07.00 ж. № 708 Бұйрығы.
 - Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығы. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 726 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 14730 болып тіркелді)
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы».
- «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы № 1 Жарлығымен бекітілген